

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті



М. Өтемісов атындағы
БҚУ академиялық кеңесінің
2024 жылғы «18» наурыздағы
№ 7 хаттамасымен бекітілді
Г.С. Кайсағалиева Г.С. Кайсағалиева



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
профессорлық-оқытушылар құрамы арасында өтетін
«Білім берудегі инновациялық әдістеме» байқауының
ЕРЕЖЕСІ

Орал қ., 2024 ж.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
профессорлық-оқытушылар құрамы арасында өтетін
«Білім берудегі инновациялық әдістеме» байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің (бұдан әрі - БҚУ) профессорлық-оқытушылар құрам (бұдан әрі - ПОҚ) арасында өтетін «Білім берудегі инновациялық әдістеме» байқауының осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) білім берудегі инновациялық әдіс-тәсілдер байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, іске асыру тәртібін, ұйымдастыру және өткізу барысын, талаптары мен шарттарын реттейтін, байқауға қатысушылардың инновациялық әдіс-тәсілдерін оқу үрдісінде қолдануын бағалаудың критерийлерін, құжаттарға қойылатын талаптарды анықтайтын негізгі құжат.

1.2. Байқау БҚУ профессорлық-оқытушылар құрамының білім беруде қолданатын үздік инновациялық әдіс-тәсілдерді айқындауға бағытталған.

1.3. Байқау жыл сайын ұйымдастырылады және өткізіледі.

1.4. Байқау пайда мен кіріс алуды көздемейді және осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

2.1. Байқау БҚУ профессорлық-оқытушылар құрамының студенттерге пәнді меңгертуде қолданатын үздік әдістерін анықтау, тарату мақсатында өткізіледі.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- мамандар даярлаудағы сапаны арттырудың жаңа жолдарын іздеу;
- оқытудың тиімділігін арттыру;
- ПОҚ-ды сапалы кәсіби қызметке бейімдеу;
- ПОҚ-ның кәсіби шеберлігін үздіксіз дамуына ықпал ету;

2.3. Күтілетін нәтиже:

- оқытудың инновациялық әдістерін сабақта, курстарда, шебер сыныптарда, тренингтерде іс жүзінде қолдану, үздік педагогикалық тәжірибені одан әрі пайдалану мақсатында инновациялық білім беру технологиялар банкіні толықтыру;

БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және интернет-ресурстарында оқытудың озық инновациялық әдістемелері бойынша материалдарды жариялау.

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Байқауды ұйымдастырушы – Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімі.

3.2. Байқауды өткізу үшін тәжірибелі оқытушылар мен әдіскерлер, педагогикалық шеберлік бойынша кәсіби байқаулардың жеңімпаздары,

жұмыс берушілер қатарынан ректордың бұйрығымен сараптамалық комиссия құрамы бекітіледі.

3.3. Байқауды ұйымдастырушы Байқау туралы ережені, ілеспе құжаттаманы әзірлейді, қатысушыларды тіркейді, байқауға қатысушылардың тізімін қалыптастырады, хаттамаларды жүргізеді, комиссия құрамының жұмыс тәртібін айқындайды, байқау өткізу туралы ақпаратты БҚУ ресми сайтында, әлеуметтік желілерде орналастырады. Байқауды өткізудің жариялылығын, техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Байқауға 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар БҚУ ПОҚ қатыса алады.

4.2. Байқауға өтінім берген қатысушы өтінімдерді ресімдеу және беру қағидаларына қойылатын талаптарына қоса, осы Ереженің шарттарымен келіседі.

5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

5.1. Байқау туралы ақпарат БҚУ сайтының (<https://wku.edu.kz>) «Хабарландыру» бөлімінде, әлеуметтік желілерде жарияланады.

5.2. Байқауды өткізу мерзімін Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

5.3. Байқау бір кезеңнен тұрады. Байқауға қатысушылар konkurs_wku2023@mail.ru электронды поштасына өтініш жолдайды және келесі құжаттар мен материалдарды электронды нұсқада ұсынады:

1) осы Ережедегі 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Байқауға қатысуға өтінім;

2) осы Ереженің 2-қосымшасында белгіленген талаптар мен құрылымға сәйкес мақала;

3) инновациялық оқыту әдістемесі бойынша презентация (5 слайдтан артық емес);

4) бейнежазба (осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес оқыту әдістемесі бойынша бір сабақтың жазбасы);

5.4. Оқытушылардың инновациялық оқыту әдістемесі осы Ереженің 4-қосымшасында берілген талаптарға сәйкес бағаланады.

6. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

6.1. Байқау жүлдегерлері арасындағы жүлде қорының мөлшерін Басқарма төрағасы-ректор анықтайды және бұйрықпен бекітіледі.

6.2. Комиссия құрамы байқау қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды анықтайды және хаттамамен ресімдейді. Үздіктер 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

Оқыту әдістемесі бойынша мақаланы рәсімдеу талаптары

1. Мақаланың тақырыбы.
2. Автор (лар) туралы мәлімет.
3. Мақаланың құрылымы:
 - кіріспе бөлім;
 - негізгі бөлім (оқыту әдістерін қолдану тәртібі, оқытудың әртүрлі технологияларының, формалары мен әдістерінің бірін-бірі толықтыруы);
 - қорытынды.
4. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен сілтемелер.
5. Мақаланың көлемі 3 беттен кем емес. (шрифт Times New Roman, кегль 14, жоғарғы, төменгі жағы – 2 см, сол, оң жағы – 2,5 см).

Байқаудың бейнежазбасына қойылатын техникалық талаптар

1. Техникалық талаптар:
 - бейнежазбаны YouTube каналында жариялау қажет (Комиссия құрамына тек сілтеме жіберіледі).
 - бейнежазба ұзақтығы – 10-15 мин.
 - педагогтің аты-жөні жазылған ақпараттық беттің болуы.Тақырыпқа сәйкес келмейтін, басқа адамдардың ар-намысы мен сезімін қорлайтын, жарнамалық сипаттағы бейнежазбалар байқауға қабылданбайды.
2. Бейнематериалдың мазмұны 1 сабақтың жазбасын қамтиды, онда оқыту әдістемесінің барлық теориялық және тәжірибелік құралдары қысқа түрде көрініс табуы тиіс.

Оқыту әдістемесін бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Балл(1-10)
1	Білім берудің заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану (негізділігі, мақсаттылығы, әртүрлілігі)	
2	Студенттің оқу-танымдық іс-әрекетке қызығушылығын ояту және ынталандыру әдістерінің болуы	
3	Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруға арналған шығармашылық және тәжірибелік тапсырмалардың болуы	
4	Оқыту әдістерін қолданудың кешенділігі (қолдану тәртібі, оқытудың әртүрлі технологияларының, формалары мен әдістерінің бірін-бірі толықтыруы)	
5	Оқыту әдістерінің құрылымдылығы (жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу)	
6	Оқыту әдістерінің құрылымдылығы (жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу)	
7	Оқытушының тақырыпқа байланысты оқыту нәтижесіне қол жеткізуі	
	Барлығы	

Құрастырды:

Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің жетекшісі Д.Т. Утеулиева

« 14 » 03 2024 ж.

Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің сарапшысы А.Е. Рахметова

« 14 » 03 2024 ж.

Келісілді:

Стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры Э.Ж. Имашев

« 14 » 03 2024 ж.